

### **1-диалог: «Азық – түлік дүкенінде».**

- Қайырлы таң!
- Сәлеметсіз бе! Бүгін сүт өнімдері келді ме?
- Ия, қазір ғана келді. Сіз қандай сүт өнімін алайын деп едіңіз?
- Маған бір келі ірімшік, бір литр қолдың қаймағы мен жарты келі май өлшеп беріңізші.
- Жақсы.... Мінеки. Тағы бір нәрсе берейін бе?
- Құрт қаншадан?
- Құрттың бағасы әр түрлі, бір данасы мөлшеріне қарай 50 теңге мен 100 теңге арасында.
- Маған әрқайсысынан екеуден сала салыңызшы.
- Жақсы. Барлығы 4250 теңге болды.
- Мінеки.
- Сауда жасағаныңызға көп рахмет, келіп тұрыңыз!
- Жақсы. Сау болыңыз!

### **2-диалог**

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсің.
- Сізде туылған күнге арналған сыйлықтар бар ма?
- Әрине бар.
- Өтінемін, маған көрсетіңізші.
- Қазір күте тұрыңыз?
- Мінекей, гүлдер ойыншықтар альбомдар түрлері өте көп. Сізге кімге керек?
- Маған анама керек.
- Онда сіз анаңызға әдемі гүл алыңыз. Мен сізге әдемілеп орап берейін.
- Жарайды.
- Міне гүліңіз дайын.
- Көп көп рахмет!!
- Сау болыңыз!
- Сау болыңыз!

### **Диалог 2**

Кеңсе тауарлары немесе кітап дүкенінде

-Сәлеметсіз бе, айтыңызшы сіздерде тор көз дәптер бар ма?

-Иә бар, тор көз дәптердің үш түрі бар?

-Қандай түрлері?

-Он екі, он сегіз парақтығы және қалың тор көз дәптер де бар.

-Маған он бес он екі парақ және үш қалың тор көз дәптер беріңізші.

-Жақсы, басқа не зат қажет?

-О-о, иә, тағы екі қара қарындаш пен үш көк қалам беріңіз, барлығы қанша тұрады?

-Барлығы төрт жүз он сегіз теңге болады.

-Міне, алыңыз.Сау болыңыз.

-Сау болыңыз, келіп тұрыңыз.

## Диалог 12

Азық- түлік дүкенінде

-Сәләмәтсіз бе!

- Сәләмәтсіз бе!

-Маған бір бөлке нан, бір килограмм қант, және 200грамм май беріңізші

- Барлығы 620теңге тұрады. Тағы не қалайсыз?

-Сіздерде үй қаймағы сатыла ма?

-Жоқ, бізде үй қаймағы сатылмайды. Бірақ Астанада жасалған «Фуд Мастер» қаймағы бар.

-«Фуд Мастер» қаймағы дейсіз бе? Бұл қаймақтың сапасы қалай екен?

-«Фуд Мастер» қаймағы жаман емес. Көпшілік алады.

-Жақсы, маған бір «Фуд Мастер» қаймағын және 200грамм ірімшік беріңіз. Барлығы қанша тұрады?

-Енді барлығы 1250 теңге болады.

-Жақсы, міне 1250теңге. Сау болыңыз№

-Сау болыңыз.

## Диалог 14

### Оқу құралдары

-Нұрбақ, сенің қандай оқу құралдарың бар?

-Менің оқулықтарым, қаламым, қарындаштарым, сызғышым, өшіргішім , күнделігім бар.

-Тор көз дәптер сатып алдың ба?

-Жоқ, менде кең жол дәптерлер мен қалың тор көз дәптерлер бар.

-Математика сабағына жұқа тор көз дәптер керек.

-Мен ертең жұқа тор көз дәптерлер мен сурет дәптерін сатып аламын.

-Онда дүкенге бірге барайық. Маған түрлі-түсті қарындаштар керек.

-Келістік, ертең бірге барамыз.

## Диалог 15

### Кеңсе тауарлары дүкені

-Нұрбақ, міне тор көз дәптерлер. Неше дәптер аласың?

-Мен 25 тор көз дәптер, 2 сурет дәптерін аламын.

-Ал мен мына түрлі-түсті қарындаштарды аламын.

-Маған желім мен қайшы алу керек.

-Сен мына желімді ал, ол - жақсы желім.

-Ал қандай қайшы алсам екен?

-Міне, қара. Менімше мына қайшы ыңғайлы.

-Маған да ұнайды. Осы қайшыны алайын. Барлығы қанша тұрады?

-Барлығы 980теңге .

-Жақсы, міне алыңыз. Сау болыңыз. (Басқа ықтимал жауаптар алуға болады)

## Диалог 16

### Дүкенде

- Сәлеметсіз бе? Маған оқулықтар керек еді.
- Бізде оқулықтар бар. Сізге нешінші сыныпқа арналған оқулықтар керек?
- Маған алтыншы сыныптың математика және қазақ тілі оқулығы қажет.
- Иә, бізде ол оқулықтар бар.
- Кешіріңіз, қай баспаның оқулықтары?
- «Алматыкітап» баспасы.
- Жақсы. Екі оқулық қанша тұрады?
- Математика оқулығы 380 теңге, ал қазақ тілі оқулығы 430 теңге. Барлығы 810 теңге болады.
- Міне, алыңыз. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.